

БҰЙРЫҚ

12.04.2024

Алматы қаласы

ПРИКАЗ

№ 05-04/234

город Алматы

**Аралық аттестациялау
кезінде тестілеуді ұйымдастыру
жөніндегі нұсқаулығын
бекіту туралы**

«Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы Жарғысының 113-тармағының 17) тармақшасына, Академиялық саясатына сәйкес және сапалы емтихан сессиясын ұйымдастыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес «Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамында Аралық аттестациялау кезінде тестілеуді ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық бекітілсін.

2. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Басқарма Төрағасы – Ректордың м.а



Б. Нарбекова





КӨШІРМЕСІ ДҰРЫС
«Абай атындағы ҚазҰПУ» КЕАҚ
Іс-жүргізу және
мұрағат ісі қызметі

АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМ



«Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті»
коммерциялық емес акционерлік
қоғамының Басқарма Төрағасы-
Ректорының
« 12 » сәуір 2024 жылы
№ 05-04/234 бұйрығымен
бекітілген

«Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті» коммерциялық
емес акционерлік қоғамында аралық аттестациялау кезінде тестілеуді
ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық

Көшірме	Басылым	Дайындаған	Келісілген
	бірінші	Смагулова А.З. 	Нарбекова Б.М. 
			Жанбеков Х.Н. 
			Абдильдина С.Б. 

КӨШІРМЕСІ ДҰРЫС
«Абай атындағы ҚазҰПУ» КЕАҚ
Іс-жүргізу және
мұрағат ісі қызметі

«Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті»
коммерциялық емес акционерлік
қоғамының Басқарма Төрағасы -
Ректорының
« 12 » сәуір 2024 жылы
№ 05-04/234 бұйрығымен
бекітілген №1 қосымша

**«Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті»
коммерциялық емес акционерлік қоғамында аралық аттестациялау кезінде
тестілеуді ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық**


1. Жалпы сипаттама

1. Осы Нұсқаулық 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығымен бекітілген «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларына», Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 137 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарына қашықтықтан оқытуды ұсыну жөніндегі талаптарды және қашықтықтан оқыту бойынша және жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша онлайн-оқыту нысанында оқу процесін ұйымдастыру қағидаларына», Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларына, «Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) Ғылыми кеңесінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №1 хаттама шешімдерімен бекітілген Академиялық саясатына, Қоғамның Ғылыми кеңесінің 2019 жылғы 23 қазандағы №2 хаттама шешімдерімен бекітілген Академиялық адалдық кодекс негізінде әзірленді және Қоғамда аралық аттестатауды өткізу кезінде тестілеуді ұйымдастыру тәртібін және техникалық ақаулық бойынша емтиханды қайта тапсыруды нақтылайды.

2. Тест тапсырмаларының базасын қалыптастыру

2. Тест тапсырмаларының базасы ұсынылатын жауаптардан бір дұрыс жауабы бар және бір немесе бірнеше дұрыс жауабы бар тапсырмалардан тұратын жабық типтегі тесттер негізінде құрастырылады.

3. Тестілеу интерактивті тестілеу түрінде өткізіледі. Интерактивті тестілеу университеттегі LMS базасында прокторингтік жүйесін мүмкіндігінше пайдалану арқылы және компьютерді, ноутбукті, смартфонды, веб-камера мен құлаққапты пайдалану арқылы жүргізіледі.



4. Бір пән бойынша тест тапсырмаларының базасы 3 күрделілік деңгейді (жеңіл, орташа, күрделі) қамтиды. Бір нұсқадағы сұрақ саны – 25 тест тапсырмасы:

- 1) 10 тест тапсырмасы (ұсынылған бес жауаптың бір дұрыс жауабы бар тест тапсырмалары);
- 2) 10 тест тапсырмасы (ұсынылған сегіз жауаптың бір немесе бірнеше дұрыс жауаптары бар тест тапсырмалары);
- 3) 5 мәнмәтіндік тапсырмалар.

5. Тест нәтижесі келесі формула бойынша есептеледі:

$$\text{Жинаған \%} = \frac{\text{жинаған балл} * 100\%}{\text{тесттегі балл жиынтығы}}$$

Тестілеу нәтижелері бойынша тест тапсырмаларының жауаптарын бағалау келесі түрде жүзеге асырылады (балл және пайыз бойынша):

1) бір дұрыс жауабы бар тест тапсырмаларында дұрыс жауапты таңдағанда бір балл беріледі, басқа жағдайда нөл балл беріледі;

2) бір немесе бірнеше дұрыс жауабы бар (үш дұрыс жауаптан артық емес) тест тапсырмаларында:

бір дұрыс жауабы бар тест тапсырмаларында дұрыс жауапты таңдағанда екі балмен;

бір дұрыс жауабы бар тест тапсырмаларында бір дұрыс жауапты және бір дұрыс емес жауапты таңдағанда бір балмен;

бір дұрыс жауабы бар тест тапсырмаларында екі және одан да көп дұрыс емес жауапты таңдағанда нөл балмен;

екі дұрыс жауабы бар тест тапсырмаларында екі дұрыс жауапты таңдағанда екі балмен;

екі дұрыс жауабы бар тест тапсырмаларында бір дұрыс жауапты таңдағанда бір балмен";

екі дұрыс жауабы бар тест тапсырмаларында бір дұрыс жауапты және бір дұрыс емес жауапты таңдағанда бір балмен;

екі дұрыс жауабы бар тест тапсырмаларында екі дұрыс жауапты және бір дұрыс емес жауапты таңдағанда бір балмен;

екі дұрыс жауабы бар тест тапсырмаларында екі және одан да көп дұрыс емес жауапты таңдағанда нөл балмен;

үш дұрыс жауабы бар тест тапсырмаларында үш дұрыс жауапты таңдағанда екі балмен;

үш дұрыс жауабы бар тест тапсырмаларында екі дұрыс жауапты таңдағанда бір балмен;

үш дұрыс жауабы бар тест тапсырмаларында екі дұрыс жауапты және бір дұрыс емес жауапты таңдағанда бір балмен;


үш дұрыс жауабы бар тест тапсырмаларында үш дұрыс жауапты және бір дұрыс емес жауапты таңдағанда бір балмен;

үш дұрыс жауабы бар тест тапсырмаларында тек бір дұрыс жауапты не екі және одан да көп дұрыс емес жауапты таңдағанда нөл балмен бағаланады.

3) бір дұрыс жауабы бар мәнмәтіндік тест тапсырмаларында дұрыс жауапты таңдағанда үш балл беріледі, басқа жағдайда нөл балл беріледі.

6. Бір тестілеуде кешенді интерактивті тестілеу бір пәннен артық өткізілмейді.

1) Тестілеуге бір тест тапсырмасына 1,5 - 2 минут есебінен бөлінеді.



3. Тестілеуді өткізу тәртібі

7. Тестілеуді өткізу кезінде білім алушылар ғимаратқа бір-бірден кіргізіледі, бұл ретте білім алушының жеке басын көлемді-кеңістіктік нысандағы сканер арқылы сәйкестендіру жүргізіледі және жеке басын растайтын құжаты ұсынылады.

8. Білім алушының жеке басын анықтағаннан кейін аудиторияға әкелуге тыйым салынған заттардың, олардың ішінде кез келген электронды құрылғылар (соның ішінде байланыс құралдары), баспа және қолжазба материалдары, сондай-ақ шпаргалканың кез келген түрінің бар-жоғын тексеру жүргізіледі.

9. Тестілеу алдын-ала бекітілген кесте бойынша жүргізіледі.

10. Тестілеу өткізілетін аудиторияға тек білім алушының жеке басын куәландыратын құжатпен және отырғызу парағы бойынша кіруге рұқсат етіледі. Тестілеуге қатыспайтын тұлғаларға кіруге қатаң тыйым салынады.

11. Тестілеудің басталу және аяқталу уақытын компьютер автоматты түрде белгілейді.

12. Аудиториядағы кезекшілер білім алушылардың тәртібін бақылайды.

13. Тестілеу орталығының қызметкерлері тестілеу үдерісін бақылайды.

4. Тестілеуде білім алушылардың тәртібі

14. Білім алушылар тестілеу басталғанға дейін 30 минут бұрын кешікпей және өздерімен бірге жеке басын куәландыратын құжаттын алып келуге міндетті.

15. Білім алушы емтиханға кешіккен жағдайда:

10 минуттан астам кешіксе - емтихан тапсыруға кіргізілмейді;

кешіккен уақыты 10 минутқа жетпесе - емтихан тапсыруға кіргізіледі (*кешігуге жұмсалған уақыт осы тесттен өтуге бөлінген жалпы уақыттан шегеріледі*).

16. Білім алушы емтиханға кіруге рұқсат алу үшін кезекшіге тұлғасын фотосуретпен визуалды түрде салыстыру үшін жеке басын куәландыратын құжатын көрсетуге міндетті. Құжат болмаған жағдайда білім алушы тестілеуге жіберілмейді.

17. Білім алушылар келу парағына қол қойып отырғызу нөмірін алу тиіс.


18. Білім алушылар аудиторияға кіріп, отырғызу нөмірі бойынша көрсетілген орынға барып отыруға тиіс.

19. Білім алушы "UNIVER" жүйесіне кіру үшін өзінің логині мен құпия сөзін білуі тиіс.

20. Тестілеу барысында білім алушыға аудиториядан шығуға, жан-жағына карауға, фокусты басқа қосымшаға немесе қойындыға ауыстыруға рұқсат етілмейді.

21. Білім алушыларға басқа білім алушылармен сөйлесуге, ақпаратты қағаз, электрондық және өзге де тасымалдағыштарды пайдалануға тыйым салынады.

22. Емтихан өткізу кезінде білім алушыларға: аудиторияға (компьютерлік сыныпқа) қағазды, шпаргалкаларды, оқу-әдістемелік әдебиеттерін, Менделеев кестесін және тұздардың ерігіштік кестесін, калькуляторды, фотоаппаратты, ұялы байланыс құралдарын (пейджер, ұялы телефондар, планшеттер, iPad (Айпад), iPod (Айпод), SmartPhone (Смартфон), рацияларды, ноутбуктерді, плейерлерді, модемдерді (мобильді роутерлер), смарт көзілдіріктер, смарт сағаттарды, фитнес-браслеттер (трекер), сымды және сымсыз құлаққаптарды, сымсыз бейнекамераларын, GPS (ДжиПиЭс) навигаторларын, GPS (ДжиПиЭс) трекерлерін, қашықтан басқару



құрылғыларын, диктофондар, сондай-ақ келесі стандарттарда жұмыс істейтін басқа да ақпарат алмасу құрылғыларын: GSM (ДжиЭсЭм), 3G (3 Джи), 4G (4 Джи), 5G (5 Джи), VHF (ВиЭйчЭф), UHF (ЮЭйчЭф), Wi-Fi (Вай-фай), GPS (ДжиПиЭс), Bluetooth (Блютуз), Dect (Дект) алып кіруге және қолдануға рұқсат етілмейді.

23. Тестілеуден өту кезінде білім алушыларға тыйым салынады:

- 1) тапсырманы көшіру/скриншот жасау және іздеу жүйелерін пайдалануға;
- 2) емтихан бетінен басқа беттерді ашуға;
- 3) емтихан үшін пайдаланылған браузерден басқа браузерді ашуға;
- 4) емтихан алушының құрылғысын қашықтан басқаруды қамтамасыз ететін қолданбаларды пайдалануға (Zoom, TeamViewer және т.б.);

5) үшінші тарап қолданбаларын ашуға (Telegram, толтырылған doc, pdf файлдары және т.б.), (егер емтихан файлды жүктеуді жауап ретінде қарастырса, бос файлды ескермегенде (MS Word, MS Excel);

6) Құлаққаптарды (кез келген) пайдалануға;

Ескерту: қыздар (сонымен қатар ер білім алушылар, шаштың ұзындығы құлақты көруді қиындататын жағдайда емтихан басталар алдында шашты жинау керек.

7) камераға, микрофонға немесе экран жазбасына қол жеткізуді өшіруге;

8) web-камера сапасын нашарлатуға;

9) интернетті өшіруге;

10) емтихан кезінде қоңырауларды қабылдауға;

11) прокторинг кеңейтілімін жабуға;

12) экранның артындағы мәтінді оқуға (егер білім алушы жан-жағына қарап, бір нәрсені оқитын болса);

13) сыналатын адамды бөгде адаммен ауыстыруға;

14) емтихан кезінде сөйлесуге;

15) емтихан алдында, емтихан уақытында және емтиханнан кейін шулауға;

16) тестілеу тапсырмаларының мазмұнын талқылауға және жария етуге;

17) тестілеуге пайдаланылатын техникаға және қауіпсіздік жүйесіне қасақана зиян келтіруге;

18) араласу әрекеті немесе тестілеу жүйесіне араласу әрекеті және тестілеуден өту кезіндегі өзге де бұзушылықтар жасауға рұқсат етілмейді.

24. Білім алушылар тестілеу кезінде Қоғамның Академиялық адалдық кодексін сақтауы қажет.

25. Білім алушы 20-24-тармақтарын бұзған жағдайда Тестілеу орталығының қызметкері немесе кезекшілер білім алушыны аудиториядан шығару туралы шешім қабылдайды, тестілеу процесі туралы хаттама (тестілеу процесінің формасын) толтырады, осы тестіленушінің нәтижелері жойылады, бұл жағдайда баға "0" - ге тең.

26. Егер білім алушы тестіленушінің тәртіп ережелерін бұзса (Тестілеу орталығының қызметкеріне немесе кезекшіге дөрекі сөйлеп, қысым көрсету арқылы қорқытса), олар тәртіптік жазаға тартылуы және университеттен шығарылуы мүмкін.

5. Тестілеу кезінде аудитория кезекшісінің міндеттері

27. Аудитория бойынша кезекші тестілеуге тестілеу басталғанға дейін 30 минут бұрын кешікпей келуге міндетті.

28. Кезекші білім алушыны емтиханға жіберу үшін жекелеген куәландыратын

